

"Көп қабатты және көп пәтерлі үйлерде тұратын аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын бекіту туралы" Қарқаралы аудандық Мәслихаттың үшінші сессиясының 2007 жылғы 22 қазандағы N 3/24 шешіміне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2008 жылғы 16 қазандағы N 9/99 шешімі. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 31 қазанда N 8-13-53 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 28/281 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2010.12.23 N 28/281 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылды 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТИ:**

1. "Көп қабатты және көп пәтерлі үйлерде тұратын аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын бекіту туралы" Қарқаралы аудандық Мәслихаттың үшінші сессиясының 2007 жылғы 22 қазандығы N 3/24 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіміне - N 8-13-35 болып тіркелген, 2007 жылғы 10 қарашадағы N 89-90 "Қарқаралы" газетінде жарияланған) келесі өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

1) 4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2007 жылдың 1 қазанынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.";

2) аталған шешіммен бекітілген Көп қабатты және көп пәтерлі үйлерде тұратын аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация

желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасына:

32 тармақтың 10) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"азық-тұлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты аз кamtамасыз етілген азаматтарға көрсетілетін ақшалай немесе заттай түрдегі көмектің құны".

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық Мәслихаттың әлеуметтік сала жөніндегі тұрақты комиссиясына (Р. Смагұлов) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2008 жылдың 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Сессия төрағасы

E. Ахметчин

міндетін атқарушы

Aудандық Мәслихат хатшысы

C. Нұркенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК